

С. Мұхамеджановтың туғанына -85 жыл

МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ БІРЕГЕЙІ



Өнер адамдарына, белгілі тұлғаларға арналған жиынды кеш деп жатамыз. Кештің қонақтары алқалы бас қосудан тағылым алып, рухани байып қайтсақ деп келеді. Кейде олай болмай жатады, жиыннан кейінгі дастархан молшылығы кештен алған әсерінді шәйіп жібереді. Тоқтыққа масайраған қонақ ша-лқыма сөзге үйір келеді. Өсіріп сөйлеп өтірігін үстемелеп те жібереді.

Бұлай деуде мәніс бар. Қанша жамандасақ та кешегі тоталитарлық кезеңнің өзіндік тәртібі болатын. Еске алулар мен еліне елеулі тұлғаларға арналған салтанатты кештер ішіп жеусіз-ақ өтіп жататын. Осы күні ондай жиынға есеппен баратын болдық. Шақырмаса, дастархан жаймаса кергіміз. Туыс-туғаны қалталы келсе, ондай кешті құр жібермейміз. Осындай әдет бүгінде тірігіміз былай қалып, қазада да дендеп барады. Асыра-шапа дарақылық мақтангөйлікке шауып, кімнің дастарханы мол болса, соның сөзін сөйлеп жалған мақтанды үйіп-тегеміз. Түрлі мәдени -шаралар туған күн, кітаптың тұсау кесері, атақ алу мен марапатқа ие болу, бабаларды еске алу- мол дастарханмен бағаланып, мәдени һәм

келтіре орындады. Өншілерді мектептің "Қыздар" бишілер тобы демеді. Сыдықтың атын шығарған тұңғыш туындысы Абайдың сөзіне жазылған "Жарқ етпес қара көңілім не қылса да" әні болатын. Болашақ сазгердің Мұқан Төлебаевтың алдына барған сәтінен мұғалімдер мен мектеп оқушылары көрініс көрсетті. Киікті ауылының қос әншісі Жұмақан мен Амангелдінің орындауындағы "О, жеңгелер, жеңгелер" әні де сәтті шықты. Сазгер атындағы Киікті орта мектебінің мұғалімдері Балауса Боранқұлова, Мерей Смағұлов, Меруерт Қантаева кештің тартымды өтуіне үлес қосты. Әдебиетке бейім талапкерлер Сыдық ағаға арналған өлеңдерін алма кезек оқыды.

Шабал Бейсекова атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары өнер думаның қыздыра түсті. Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық байқаудың лауреаты Ардақ Мұқышевтің орындауындағы композитордың "Жарқ етпес қара көңілім не қылса да" әні әсерлі шықты. Мәдениет үйінің әншісі Жақсылық Ахметов сазгердің Абайдың өлеңіне жазған әні "Өзгеге көңілім тоярсынды" нәшіне келтіре орындады. "Тербеледі тың дала" әнін Жиенбаева Айзада мен Бейсенова Саягүл орындады. Композитордың көзін көргендер сөз алды. Қазақстан және Мұңғылия композиторлар одағының мүшесі, белгілі сазгер Ысқақ Тәукейұлы Сыдық ағамен 1973 жылы Баян-Өлгейде жүздесіп, ақыл-кеңес алған екен.

Сыдық ағаның қазақ музыка өнеріне қосқан сүбелі үлесін айтты. "Ұлт аспаптар оркестріне арнап поэма жазған,-деп атап көрсетті. Атақты "Шаттық Отаны" күйі еді ол. Бүгінде Қазақстанның мерейің биіктететін осы шығарма сирек орындалатын

Оның шығармаларында азаттыққа деген өр ұн бар еді. Епінің ертеңін музыка тілімен жырлап өткен ағамыз халқымен бірге жасай береді,-деді. Расы солай, айтулы тұлғаны елегісі келмейтіндерге құлақ қағыс бұл.

Ауыл ақсақалы Шайқы Бақтыбаевтің әңгімесі де тартымды шықты. "Мен Сыдықтың туған нағашысы боламын,-деп бастады сөзін ол.

Сазгердің анасы Ақборық менің әкем Бақтыбаймен бірге туысады. Мың жарым қой, бір қос жылқы біткен баймұрат Үсен қажының қызы. Ап, Сыдықтың үлкен әкесі Оспан да дәулетті болған. Кәрсен ішіндегі Тышқанбай қажы, Оспан қажы, Үсен қажы Меккеге бірге барып қайтқан. Мені әкем мектеп бітіргеннен кейін 1957 жылы оқуға түсірмекші боп Алматыға алып барды. Сыдықтың үйінде жаттық.Ол кісі әкей екеумізді концертке апарды. Бибігүл ән салды. Онда ол апамыз сахнаға енді-енді шыға бастаған екен. Сыдық үйге келген соң, әкеме: -Нағашы байқадыңыз ба? Бибігүл Төлегенованың даусы шешемнің ән салысына ұқсайды екен,-деп мағұрланды. Мені Сыдық қолымнан жетектеп жүріп Талғар қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына түсірді. Ағамыздың атағы ерте шықты. Өсуіне кедергілер болғанын ауылда жүрсек те білдік. Бай баласы, қажының тұқымы деген шеттетулер болған ол кісіге. Сазгердің анасы, біздің апамыз Ақборық ақын жанды, мейілінше үнді болған.Сыдықтың әкесі де әнші еді".

Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 85 жыл толуына арналған өнер кешін кент әкімі Жұмағали Мағзиев қорытындылады. Ақадыр кентінің бір көшесі сазгер есімімен аталады. Жыл сайын композитор шығармаларының байқауын өткізіп тұрға-

рухани кештердің, салтанатты рәсімдердің бағасын түсіретін кепке ұшырадық.

Біз бұл арада дастархан жайылмасын демейміз. Шамаға қарағанды жөн көреміз. Салтанаттар мен өнер кештерін ішіп-жеуге, банкет беруге құрмай рухани қажеттікті өтейтін жиын есебінде өткізген тиімді болмақ.

Қазақ музыка өнерінің бірегейі, айтулы тұлға Сыдық Мұхамеджановқа арналған кеш аудан көлемінде жиі өтеді. Ақадыр кентінде де өтті. Кешке дастархан жайылмады. Соған қарамастан сазгердің сексен бес жылдығына арналған салтанатты жиын көңіл кендігіне ұласып жатты. Кештің салмағын Киікті ауылының өнерпаздары көтерді. Сыдық Мұхамеджанов атындағы мектептің директоры Айгүл Ахметова бастап келген ұстаздар мен оқушылар жиналғандарға өз өнерлерін паш етті. Тарих пәнінің мұғалімі Смағұлов Дәурен сазгердің өмір жолы мен шығармашылығы турасында қысқаша баяндама жасады. Сыдық аға Киікті ауылында Үлкен бұлақ деген жерде дүниеге келген. Арғы аталары бай болған. Оспан қажының ұрпағы. Қызыл империяның тұсында сазгердің әкесі мен шешесі белсенділерден ығысып, көштің бетін оңтүстікке бұрған. Сазгердің балалық шағы Қазақстанның оңтүстік өңірінде өткен.

Одан әрі композитордың әндері шырқалды. "Қырманға кел қалқатай", әнін Киікті ауылының өнерпаздары нәшіне

шығарма сирек орындалатын болып жүр. Сазгер романс жанрына да қомақты үлес қосты. Абайдың рухын биіктетіп, ақынның он үш өлеңіне арнап ән жазды. "Дауыл" атты симфониялық поэмасы классикалық туынды. Сыдықтың әр шығармасынан Сарыарқаның самалы есіп, жусан иісі аңқып тұрады. Қазақ операсына қомақты үлес қосты. Төрт опера жазды.

Өнер тарланы белгілі күйші Қуанышбек Бектұрсынов: "Сексен төртінші жылы Сыдық аға Жаңаарқа және Ақадыр аудандарын аралады. Мен ол жылдары аудандық мәдениет бөлімін басқаратын едім,-деп өрбітті сөзін. Қасында үш күн бірге болдым. Белгілі әншілер Ғазиз Есімов, Лутсия Телешова, Кенжеғали Мыржықбаев бірге жүрді. Алпысқа толған екен. Ат мінгізіп, шапан жаптық. Көп сөйлемейтін тұйық кісі екен. Қарабұлақтан Балқашқа шығарып сап тұрғанда:- Шіркін, ауылға көшіп келер едім. Шығармашылық жібермейді-ау, әттең!?" -деді.

Осы бір тебіреністен -ақ композитордың туған даласына деген құштарлығы басым екенін байқаймыз. Сазгердің әр шығармасында қазақ даласының кеңдігі музыка тілімен жырланды.

Балқаш қаласынан кешке арнайы келген Сыдық ағаның қарындастары Ақтоқты мен Ақбаян аға өмірінен естелік айтты. Жақын інісі Шүкеев Қайыржан: "Біздің Сыдық қазағын, туған жерін мейілінше жақсы көрген нағыз ұлтжанды азамат.

нымыз жөн деп атап көрсетті. Сазгерді еске алуға арналған кешті өткізуге дәнекерші болған Қалижан Бекқожиннің, Қарқабат Сарғасқаева мен Мақажанова Жұмагүлдің, Роза Әлихан қызының есімдерін атағанды жөн көрдім.

Шет ауданы өнер өкілдерінен кенде емес. Өзгені былай қойғанда, даңқты жерлесіміз, қазақ музыкасының айтулы бірегей тұлғасы Сыдық Мұхамеджановтың өзі неге тұрады! Ауданымыздың тумасы хас таланттың соңғы жазып қалдырған операсы "Ақ -Баян" әлі сахнаға шықпай жатыр. Абай өлеңдеріне арнап жазған әндері қандай асқақ! Сыдықтың қай шығармасы болмасын ұлттық әуенгебай келеді. Сазгердің шығармалары адам рухын биіктетіп, асқақтатып тұрады. Тыңдаушының жігерін шыңдап, өмірге құштарлығын арттырады. Ойға толы келеді, философиялық иірімдерге бай келеді. Бір ғана "Шаттық Отаны" күй-поэмасының өзі қазақ даласының гимніндей сұлу әуенге толы емес пе. Қазақ музыкасын байытып, артына бірегей шығармалар қалдырып кеткен даңқты жерлесіміз бүгінгі ел еңсесі көтерілген кезеңде асқақ үнге толы шығармаларымен қазақ елін биіктерге бастай береді деген сенімдеміз.

Өмір КӘРІПЖЫ, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Ақадыр кенті.